# ЛЕОПОЛЬД СЕА: АМЕРИКАН ТАРИХЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯСЫ НЕМЕСЕ ОРТА ТАП ПЕН ЛАТЫН АМЕРИКАСЫН ӨЗГЕРТУ ЖОБАЛАРЫ

Күйреген коммунистік блоктың басқа елдері сияқты Қазақстан да өз тарихында шешуші сәттерді басынан кешіруде және бұның кезінде Латын Америкасы елдері өткерген ахуалдармен салыстырғанда айтарлықтай өзгешелігі де бар. Оның мәні мынада: Латын Америкасы модернизацияға шектеулі түрде дамыған капитализмнен одан анағұрлым дамыған капитализмге көшу барысында кез болса, мұның өзі, тоталитаризмнен капитализмге бет бұруға тырмысып жатқан кезеңде ішкі жүйелік қайта құруларды басты назарда ұстап отырған біздермен салыстырғанда, алдымен сапалық тұрғыдағы ерекшеліктермен айқындалатындығын атап өтуге тиіспіз. Біздерге модернизацияның бастапқы кезеңіндегі латынамерикандық елдер сияқты «жеткіліксіз түрде даму» ұғымы келіңкіремейді. Басқа сөзбен айтқанда, Қазақстанда Латын Америкасы елдерінде тек біртіндеп барып қана дамыған өндірістік элементтер ежелден-ақ бар. Ал мұның өзі, сайып келгенде, өндірістік өрлеудің кейбір фазаларын «жедел түрде» өткеруімізге немесе, тіптен, оларды айналып өтуге мүмкіншілік тудырады.

Алайда, ішінде Латын Америкасының бірқатар елдері де бар халықаралық модернизация біздер бет бұрған батыстық үлгідегі модернизациядан анағұрлым ерте қалыптасқандығын да мойындауға тиіспіз. Капиталистік дүние экономикасының нағыз ядросы болып табылатын елдердегі орта тап өкілдерінің барша «өркениет маргиналдары» алдындағы салтанаты латынамерикандықтар көзқарасы тұрғысынан мейлінше айқын аңғарылады.

Кристофер Доусонның анықтамасы бойынша, «прогресс» ұғымы – «Батыс өркениетіне деген жұмысшылар сенімі» Латын Америкасында орта таптан шаққан иммигранттардың белсенді күш-жігер танытуының арқасында жүзеге асқан болатын.

«WASP (Whit Anglo – Saxon Protestant – ақ нәсілділер, англосаксондар, протестанттар)» - жүрген жердің бәрінде де, артта қалушылық пен дәстүрлілік мұхитының қалың бел ортасында біртіндеп, «бүгінгінің үнемі қозғалыстағы эпицентріне» айналған саралы капиталистік кәсіпорындардың жекелеген аралдары пайда бола бастады» (Э.Тиракьян). «Бастауды» (орта тап) мойындамай, тек «соңғы жетер нүктеге» (батыстың қазіргі бет-әлпеті) ғана тіккен біздің модернизацияның «әлеуметтік көрсоқырлығы» біздерді күннен күнге «осы заман шындығынан» «осы заман алдамшылығына» қарай ығыстырып барады».

Дж.Гасфилд осы «заман алдамшылығын» үш компоненттің:

1) қоғамдық өмірдің жекелеген салаларындағы осы заманғы нышандардың;

2) басқа көптеген салалардағы орын алып отырған дәстүрлілік пен модернизмге дейінгі сипаттардың;

3) қазіргі батыстық болмысты «шынайы түрде» бейнелеуге тиісті боп сәнді киімдерге орану түріндегі белгілердің бәрінің іштей қарама-қайшы үйлесімі деп атаған.

Модернизацияны бастарынан кешіріп жатқан посткеңестік елдердегі «осы заман алдамшылығының» өзіндік бір құбылысына баға бере отырып, автор былай дейді: «Кезінде уыстан шығып кеткен дүниелер әлі күнге дейін қолға түскен емес, атап айтқанда: жеке меншік, өндірісі тиімді ұйымдастырылған өндіріс қызметі атқарылып жатқан рынок; заңның үстемділігі; ... мықты кәсіпкерлік, этика орта тап тереңге тамырын жайған еңбек этикасы және жеке бастың қамы; плюралистік демократия. Қалай екендігі белгісіз, әйтеуір, бұл қоғамдар бүгінгінің ең бір сорақы, көзге оғаш белгілерінің бәрін бойларына жинақтап, таңдаулы дегеннің өзін дарытатын емес. Олар пайда табудың орнына шығындарды өтейді. Осындай таңқаларлық дәстүр әлі де орын алып, тұтас бір ұрпақтың, тіптен бірнеше ұрпақтың ғұмыры бойында сақталуы да мүмкін».

Гасфилдтің айтуынша, көптеген батыс сарапшылары «Конституция, Парламент, сайлау, референдум және жергілікті өзін өзі басқару сияқты символикалық ғажап құбылыстарды көргенде не сенерін, не сенбесін білмей, екіұдай көзқарастар жетегінде қалады. Ал бұлармен нақты жағдайда істес болып, көздері ашылғандары мұның бәрінің де түкке тұрғысыздығын және, сайып келгенде, нендей тетіктік роль атқаратындығын өте-мөте жақсы біледі».

Батыс сарапшылары коммунизмнің күйреуінен бірқатар қорытындылар жасады:

Э.Амати: «модернизация жолында кездесетін сан түрлі бөгеттерге, кедергілерге, шегініс кезіндегі «үйкелістер» және тіптен құлдырауға дейін айрықша көңіл бөліне бастағандығын» әдейі атап өтеді.

Бұған дейін модернизацияның тиімділігі тек экономикалық өсумен байланыстырылса, енді орта таптың атқарып отырған маңызды роліне ерекше назар аударылып, оның модернизацияны табысты жүргізудегі өзіндік «этносына» көбірек көңіл бөлінеді.

Орта таптың өзі енді модернизацияның тиімділігінің қарапайым символы есебінде ғана қарастырылмайды. Енді ол экономикалық өрлеу мен демократияның міндетті шарты ретінде ауызға алынады.

Дарендорф циферблаты посткоммунистік елдерге бағытталған «үш сағат дилеммасын» қолдануға қарсылық танытады:

- егер конституциялық реформаны жүзеге асыруға алты ай ғана жеткілікті болса, экономикалық салада алты жыл да аздық етуі мүмкін;
- қатпары терең өмірде жаңара бірнеше ұрпаққа созылады (П.Штомпка. Әлеуметтік өзгерістер социологиясы. – М.: Аспект пресс, 1996,

Көптеген зерттеушілер – олардың ішінде Кардозо, Фалетто және басқалары да бар: «тәуелді капитализм сорақы», - деуден танбауда. Шетелдік және жергілікті капиталдың өзара альянсы (одағы – ред.) Номенклатуралық капитализм сынды экономикалық монстрды және сонымен бірге орта тапты – компрадорлық буржуазияны да тудырады. Алайда аталмыш зерттеушілердің

ойларынша, «тәуелді көптеген жағдайларда оптимисті болжам жасауға, атап айтқанда, экономикалық «өрлеу» мен тәуелділіктен құтылуды қамтамасыз ететін жергілікті орта топ деуге мүмкіндік береді.

Латын Америка аймағындағы бірқатар елдер жоғарыдағыдай сценарий бойынша қалайша модернизацияланып, айтарлықтай табыстарға ие болды? Орта таптың күш - қуатын экономикалық «өрлеуге» қалай жұмылдыра білді?

Осы және басқа да сұрақтарға жауап беру үшін аса көрнекті латынамерикандық ойшыл Леопольд Сеаның «Америка тарихының философиясына» жүгінген (Л.Сеа. Философия Американской Истории – М.: Прогресс. 1984ж.).

Латын Американың отарлық өткенінің бүге-шігесіне тереңдемей-ақ, бар айтарымыз, олар біртіндеп, сонау XX ғасырдан бастап-ақ батыстық даму жолдарына түскен болатын. Батыстық даму XIX ғасырдың соңында басталған латынамерикандық эмансипаторлық модернизация жобаларының алғы шарты екені күмәнсіз. Олардың ұзын саны төртеу:

1. либертарлық (немесе азаттық);
2. консервативтік;
3. цивилизациялық (өркениеттілік);
4. модернизациялық (жаңашылдық түбірлі жетілдіру).

Либертарлық жоба

Либертарлық жоба салтанатпен бастады. Ұзын-саны 15 жылда азаттық соғыстағы бірқатар елдің тәуелсіздікті жеңіп алуы аяқталды. Венесуэла – 1811 жылы Мексика 1813 жылы (оның тәуелсіздігін мойындау жылмен белгіленгенді), Аргентина – 1816 жылы, Бразилия – 1822 жылы Одан соң Чили, Перу және Эквадор тәуелсіз елдер қатарына қосылды.

Генерал Хосе Антонио де Сукренің туының астына жиналған Латын Америкасын испан королінің біріккен күштер әскерлер күл-талқан қылып женген Аякучо түбіңдегі шайқастан соң (1824ж.) ибериялық (испаниялық – ред.) үстемелік күйреп, Жаңа Құрылықтық бірігу мүмкіншілігіне жол ашты. Алайда екі жылдан кейін (1826ж.) Бүкіл американдық Конференция құру мақсатымен өткізілген Панама конгресі Либертарлық жобаның соңғы филиалдық көрінісіне айналды.

Либертарлық жоба латынамерикандық модернизацияның нағыз «фальф - стартына» айналды. Оның жаназасын әйгілі С.Болинар берген болатын: «Біздің құрылықтың азаматтарының мінез-құлқынан жексұрын ештеңе де жоқ. Және бұл аса қайғылы жай, өйткені тұтас бір дүниені ешкімнің де бірден емдеуге шамасы жетпейді».

Жарық дүниемен қоштасудан бірнеше апта бұрын ол шын мәніндегі мағынасын латынамерикандықтар кейіннен барып түсінген данышпандық пікір айтқан еді. «Кімде кім революцияға қызмет етсе, ол мұхитты соқамен жыртқанмен пара-пар болмақ».

Либертарлық жоба неліктен іске аспай қалды? Онда нендей мәселелер қаперге алынбады? Неге ол тәуелсіздік жағдайындағы басты үміт – жаңа тәртіптің орнына латынамерикандықтарды бұдан әлдеқайда зор – тәуелділік пен бей-берекетсіздіктерге алып келді?

Латын Америкасы кенеттен бас көтерді. Метрополиядан ат құйрығын үзгеннен кейін ол жаңа ахуалдар алдында дәрменсіздік танытты. Мемлекетті өз алдына басқару тәжірибесі де, халықаралық бедел де, шаруашылықты жүргізу дағдысы да, маман кадрлар да жоқтың қасы еді... Алайда болар іс болды және оны сол күйінде қабылдау қажет еді. Бәрін де басынан бастап жүре үйренуге тура келді. Бәлкім, бұл ең таңдаулы болмағанмен бірден-бір жол еді. Қолда не бар содан бастау қажет болды. Тек сонда ғана әлдебір тәжірибе пайда болуы мүмкін.

Латын Америкасы Батысқа еліктеу жолынан өтті. Мұның өзі бұған дейінгі белгілі жолдардың ішіндегі прогреске жетелейтін бірден бір бағыт еді. Алайда оқиғалардың онан әрмен даму барысы Батысқа еліктеу, оның Латын Америкасынан артықшылығын аңғартқаннан басқа ештеңе бермейтінін көрсетті. Өздерінің барша артықшылықтары мен мүмкіншіліктеріне қарамастан, батыстық институттар алғашқы сәтсіздіктерге килiккенде-ақ жергілікті жағдай толық дәрменсіздік танытты. Конституция, заң және тәртіп жүйелерін өзгертумен ғана қанағаттанбай, соларға сай келерлік сапаға ие болу керектігі айқындала түсті.

Либертарлық жобаның іске аспауын Л.Сеа былайша түсіндіреді: Ұрыс алаңындағы жеңіс санадағы жеңіспен нығаюы керек еді. «Күйреудің себептері отарлық кезеңдегі тәуелділікті күшейте түсетін қанға сіңген әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерге тікелей қатысты. Бұл шырғаланңдардан шығудың жолын қарудың күшімен қол жеткен саяси тәуелсіздікті өзіндік саналылықпен және іштегі тәуелсіздікпен толықтыра білуден іздеген дұрыс». Дәлел ретінде Сеа, Андрес Бельоның мына бір сөздерін келтіреді: «Американдықтар бостандықты күнделікті тұрмыста қолданудан гөрі оның саяси артықшылықтарын жеңіп алуға неғұрлым бейімдеу болатын. Екі бірдей құбылыс бір мезгілде, қатар көзге шалынды: біреуі стихиялық, ал екіншісі еліктеуге толы әрі жат құбылыс. Оның үстіне бұлардың бір-біріне бөгет боп, аяққа тұсау болғаны және ақиқат. Өзге, жат принциптер прогреске жетелесе, өзіндік болмыс диктатураға итермелейді». Модернизацияның болашағы қайшылықтар ағымына батып кеткендей әсер қалдыратын:

1. либерализм – консерватизм,
2. өркениет – варварлық.

Алғашқысының мәні әлі жүзеге аспаған арманмен тек көңілдегімен ұштасып жатса, соңғысы әлі алда тұрған - өткерілуге тиіс өзіндік болмыс рухымен байланысты болатын.

Мексикандық А.Касо бұл рухты прогреске бөгет басты фактор дей отырып, оған флоберлік атау – «боваризм» деген анықтама береді. Касоның сөзіне жүгінсек, Эмма Бováридің «өзінің іс жүзінде қандай екендігіне қарамастан ішкі жан-дүниесін, сайып келгенде, басқаша кейіпте көретін «қасиеті баршаға мәлім». Дәл осыны тұтас бір халықтар да бастарынан өткеруде. «Біздер ең айқын және сөзсіз туа біткен боваризмімізбен көзге түсеміз: саясатта өзіміздің ақиқатында кім екендігімізді түсінгіміз келмейді».

Л.Сеаның пікірінше, латынамерикандық боваризм бізде мейлінше етек алған футуризмнің бір түрі. Шын мәніндегі болмыс әр кезде бұрмаланумен

болды, өйткені біздің санамыздағы идеалдармен салыстырғанда назар аударуға тұрмайтын дүние деп есептелінеді. Түкке тұрғысыз жоспарларға иек арту арқылы біздер өзімізге қайшы іс-әрекеттерге кез болдық. Біздер Испаниядан мұра боп қалған конкиста мәселесін де шешкен жоқпыз, әлі демократия проблемаларын да толық ұғына қоймадық. Ал оның есесіне күн тәртібіне социализм турасындағы тарихи мәселені қойып үлгірдік. Сырттан әкелінген идеялардың ассимиляциясына толы боваристік идеалдарға арқа сүйеген және батыс-европалық қоғамдық оймен салыстыруға да келмейтін біздің Американың тарихы осындай.

Футуризм (болашақ жөніндегі ілім – ред.) қандай кейіпке енсе де күнделікті шындықты одан әрі бұрмалауға ділгір. Бұл – проблемалардың қордаланып жинақталуына әкелгенімен, олардың нақтылы бір шешімін таба алмайды. Сеа былай деп атап көрсетеді: «Бовbooризм проблемаларды шешпейді, ол тек оларды жинақтаумен болады».

Боливардың көрегенділігі жүзеге асты. «Мұхитты соқамен жыртқандар» буырқанған ақиқат алдында барынша өз дәрменсіздіктерін танытты және желді үрлеу арқылы дауылға да дес беруге мәжбүр екендігіне көздері жетті.

Шырғалаңнан шықпақшы боп жанталасқан Латын Америкасы футуристік демагогияның құрбаны боп, бір қияннан екінші бір қиянға ойысумен болды. Құлдық қамытын мойынына ілген өткенінен бас тартып, әрі табиғатына жат болашақты қабылдамай, ақырында, шексіз өзара қырқыстарға белшесінен батып, сепаратизм мен әскери төңкерістердің, саясаткерлердің ұсақ талап-тілектерінің астында қалды. Метрополия кеткеннен кейінгі «билік-вакуумын» тирания басты. Бұрынғы отарлық деспотизмге революциялық деспотизм қарсы қойылды.

Сеа былай деп жазады: «Өткен кезең тарапынан болған қарсылықтың қуаттылығы сонша, одан кейінгі үрдістердің бәрі де өзін өзі алдауымен ғана теңгеріледі. Бөтен де жат үлгілерден көшіріліп алынған либералдық конституциялар мен институттардың баршасы да бойларына әбден сіңген рухпен салыстырғанда бос қиял боп шықты».

Консерваторлық жоба

«Либертарлық өмір кезеңінің» орнын консерватизм басты. Латын Америкасы анархия мен бей-берекетсіздіктен «дем алу үшін имбериялық өткеннің көлеңкесіне барып жай тапты. Консервативтік жоба латынамерикандықтарға испандық тәртіпті кері қайтарды. Алайда, Испаниясыз. Эквадорға, Чили мен Мексикаға диктатура келді. Испандық-американдық консерватизм АҚШ-ты өзінің протагонисі (басты роль атқарушы – ред.) деп мойындады. Сеаның пікірінше, мұның негізінде өз тәуелсіздігінен бас тарту емес, керісінше, осы тәуелсіздікке қарама-қарсы, алабөтен тәртіп жүйелерін қабылдамау пиғылы жатқан еді. Консерватизмнің қажеттілігін оның идеологтары төмендегідей жағдаяттармен түсіндіруге тырысты. Консерватизм енді Латын Америкасының бүгіні мен ертеңін жалғастырып тұрған жіпті «үзуге емес, бар болғаны түйіндерді шешуге» дәнекер болмақ. Тәртіп бұдан былай дайын қағидаларды місе тұтпай, заңмен

әдістелген дәстүрді арқа тұтуы тиіс. Мұнсыз заңға бағыну деген шарттар бар болған күнде ғана айтарлықтай жетістіктерге жетеді.

Консерваторлардың сергек ойларына жүгінсек, бірден-бір дұрыс еліктеу әлі соған бейім болмай тұрып басқаның саяси құрылым жүйесін сол күйінде көшіріп алуда емес, «Ұлтқа неғұрлым үйреншікті басқару формасына ешбір тиіспей, тәуелсіздікті жүзеге асырудың нақты мысалын басты нысана етіп алған жөн».

Консервативтік тәртіп өздерінің тәуелсіздігі мен дәстүрлерін қызғыштай қоритын провинциялық автономияларды «ақтауға» әзірлік танытты. Сеа былай дейді: «бұл – энкомьендінің патерналистік жүйесіне» - креолдық барондар, феодалдық сеньорлар және князсымақтар мен каситерге тікелей мүдделі, ұшы-қиырсыз американдық жерлердің қожайындарының патерналистік жүйесі – аталмыш «сеньорлардың» жергілікті тұрғындарға деген «әкелік қамқорлығы»– ред.).

Алайда ағартушылық шетелдегі либерализм мен адам құқықтарының декларациясы салтанат құрған АҚШ пен Францияның мысалдары төменгі тап өкілдерін «жаңа қоғам құруды өз қолдарына алу» пиғылдарына итермелеумен болды.

Мұнан кейінгі Латын Америкасының тарихы өркениеттілік жобаның сценарии бойынша жазылды.

Өркениеттілік жоба

Сонымен, Латын Америкасы «өркениеттілік әлде варварлық» дилемасына келіп тірелді. Енді өркениет атаулының бірден бір эталоны Америка Құрама Штаттары боп саналады. Өзінің өткеніне тағылық таңбасы басылды.

Сеаға жүгінсек, оның пікірі төмендегідей: «латынамерикандықтар алдарына өздерінің Америкасын отарлық әсерінен тезірек ада болу міндетін қойып отыр. Еуропа Азия мен Африка халықтарына қатысты, ал Құрама Штаттары өздерінің жабайы Батысында өз үндестеріне қатысты не істесе соны олар өз жағдайларында жүзеге асыруды көздеді».

Өркениеттілік жобаның оңтүстікамерикандық осынау бір түсінігі «ішкі нәсілшілдіктің» ерекше бір көрінісі болып табылатыны шүбәсіз. Жобаның аталмыш «түрі» өз халқының өркениеттік шығармашылығына қатты күмән келтіреді...

«Екі жүз мың иммигрант пен белгілі бір тұрғыдағы дайындық шаралары аса бір қысқа мерзім ішінде зор үміттерді жүзеге асыруға дәнекер болады» деп тәптіштейді аталмыш Сармьенто мырза. «Үміт» капиталдың ағылуы мен өнеркәсіппен жымдастырылса, «дайындық жұмыстары» тәжірибедегі «адами материалды» тәрбиелеумен және білім беру жүйесімен ұштастырылды. Басты мақсат кейіннен өз жұмысын өнеркәсіппен тікелей байланыстыратын – білім беру мен ағарту шараларын көздегені сөзсіз. Латын Америкасы инженерлердің, геологтар мен жаратылыстанушылардың еңбекқорлығына мұқтаждық танытты. Өйткені, Альбердидің ойынша, еңбекқорлықтың нақ осы түрі адамгершілік атаулының негізін қалауға басты себепкер-тін.

Алайда үміт ақталмалды. Батыстық орта таптың латынамерикандық түрінің орнына оның нағыз қас жауы – компрадорлық буржуазия пайда болды. Соңғысы шынында да тағдырын батыстық капитал мүддесімен шебер жалғастырып, өзін солардың ырқына басыбайлы бағындырып қойды. Батыстық капиталмен жасалған одақтан бастау алған компрадорлық буржуазия біртіндеп, олигархияға айналып, қоғамның барлық топтарын өз билігіне көндіріп алды.

Иммиграция жемісінің жедел «бүлінуінің» себебі неде? Сеаның пікірінше, бұған, алдымен төмендегі екі себепті жатқызуға болады:

Бірінші себеп: иммигранттардың негізгі бөлігі саксондық емес, латындық нәсілден еді. Иммиграцияның денін жергілікті ерекшеліктердің қолайлылығынан бірінші кезекте өздерінің әлеуметтік жағдайларын шешуді ойлаған испандықтар мен италияндықтар құрайды. Онсыз да толғағы жеткен, жергілікті проблемаларға енді «синдикализм, анархизм мен социализм» сияқты импорттық сырттан әкелінген проблемалар қосылды.

Екінші себеп: саны айтарлықтай көп емес германдық және англосаксондық елдерден келген иммигранттар бар болғаны батыстық капиталдың тар прагматикалық мүдделерін қорғауды ғана қанағат тұтумен болды. Бұлардың негізгі бөлігі орта дәрежедегі басқарушылар мен техникалық мамандар болатын. Ал көздеген басты мақсаттарына келсек, олар өздерінің қарамағына берілген табиғи байлықтан пайданы барынша сығып алуды бірінші кезектегі нысанаға айналдырған еді.

Өркениеттілік жоба осынау екі тасқыннан құралатын иммиграцияның жаңа толқынына жол ашты. Нақ аталымын топтардан әкімшілік пен делдалдық және атқару жұмысымен шектелген буржуазия-сымақтар қолдан жасады. Жергілікті жердегі орта таптың қызметін – Батыс қапиталының мүдделерін өз жоспарларымен шебер ұштастыра білген ескі креолдық ақсүйектер сәтті атқарып отырды. Репрессиясымен қоса өкіметтің барлық атрибуттарын қолдарына шоғырландырған олар, біртіндеп, іс жүзіндегі басқарушы күшке айналды.

Алайда өркениетшілдердің көздеріне шалынбаған иммиграцияның басқа да тасқыны болғандығын және бұлардың негізін ескі индустриалды Еуропадан келген еңбекқорлар құрағандығын айтып өткен де жөн. Жергілікті үндістердің орнын басып, олардың құнарлы да, құнарсыз жерлерін асқан ыждаһаттылықпен маңдай терін төге отырып, өндеумен айналысқан нақ осылардың, ежелгі арман – орта тапқа негіз болары күмәнсіз еді.

Дегенмен жоғарыдағы орта тап тарих сахнасына шықпастан бұрын Өркениеттілік жобаның күтпеген қиыншылықтармен бетпе-бет келгені де ақиқат. Тосыннан кез болған бұл «сценарийді» «жалпыадамзаттық әмбебап» теориялардың авторларының бірі Ульф Ганнерс «аймақтық коррупция» деп атайды.

Өркениеттілік жоба авторлары «тарих сайқымазағының» құрбанына айналды. Олардың варварлықты ауыздықтап, өздерінің дәстүрлі құндылықтарынан айырылмауға жанталасқан халықты зордың күшімен өркениетке жетелемек болған кесімді ниеттері ашықтан ашық

реставраторлық сипатқа ие болды: Өркениеттілік – жаңа консерватизмге ұласты.

Жаңа компрадорлық буржуазия Батыстың «гибриді» бола отырып, жергілікті «сапалық» белгілерімен айрықшалана білді. Ол батыстық құндылықтарды өзінің үйреншікті болмысына бейімдеуді ғана місе тұтпай, басып-жаншушы өкімет қызметінде пайдалануда да айтарлықтай табыстарға жетті. Демократиялық құндылықтар харизм мен деспотизмге, ал сөз бостандығының құндылықтары адуынды демагогияға айналды. Қоғамдық санының басталуындағы прогрестің орнын дағдарыс басты.

Алдын ала кесіп-пішілген ойлар тұрғысынан Өркениеттілік жоба «төменнен» емес «жоғарыдан» басталды. Аталмыш жоба имиграцияның екінші бір көмескі жағы – эразац «буржуазияны қаперге де алмады. Нәтижесінде латынамерикандық қоғамның Батыс өркениетіне «кіру есігі» «ашылмай» қалды. АҚШ-тың Мексикаға басып кіруі (1847ж.) және француз басқыншылығы (1861ж.) Өркениеттілік жобасының жаназасының басы болып табылады. Латынамерикандықтар АҚШ пен Европадан беттерін кері бұрды. Л.Сеа айтқандай «өз-өзін тану» тарихы басталды.

Модернистік жоба

Модернизацияның негізінде күнделікті тіршілік пен өмір шындығы бастау болды.

Модернизм – (жетілдіру, бүгінгі күнмен теңестіру яки уақыт талабына сай өзгерту – ред.) қазіргі ахуалы мен өткені және оларды қоғамға күш түсірмей-ақ жаңа сапалылық деңгейлерге көтеру үшін байыпты да, салиқалы түрде меңгеру, қорыту мен сіңіру және өзгерту жөнінде болса керек. Сеа атап өткеніндей: «үнемі өрлеумен келе жатқан Батыстың қиялы нақ осында екендігі күмәнсіз». Жаңа идеялық қозғалыс Хосе Энрико Родо, Хосе Васконселос Сеасар Сумет, Мануэль Гонсалес Прад және Альфонсо Рейс және басқа зерттеушілердің есімдері арқылы өркен жайды.

Батыстың тәжірибесі қабылданбай қалған жоқ, тек оған деген ынта-зейін ғана өзгерді. Енді төл тарихтың өзі батыс өркениеті мен прогресіне жол көрсетуге тиіс. Өзгерту жобалары өзіндік болмыспен үндесе отырып, оның мұң-мұқтажына қызмет етуі керек: «Толық игеріп, сіңіріп алмайынша, әншейін еліктеумен еш шектелуге болмайды».

Өткеніңді өзге тәжірибемен алмастырудың қандай болса да «бір қоғамдағы табиғи нәрсені ойланбай-толғанбай екіншісін аяғына қондыра қою әрекеті – жанды организмге өлі жат дененің бір мүшесін орната салумен бара-бар.

Тіптен, «пайдалы да игі атаулының бәрін аясында ұстайтын жіті де ойлы көзқарас ұлттық негіздері енді ғана қалыптаса бастаған жас халықтарға аса қажет болған күнде де» бұған баруға болмайды.

Бір сөзбен айтқанда, Өркениеттілік жобасы батыстық модельдің көшірмесі болып табылатын (басты үлгі - АҚШ) және бұл әзірде «өркениет идеясы жаңа отаршылықты әрі ақтауға, әрі басты мақсат етуге қызмет етуге тиіс еді»

Латынамерикалық отарлықтан құтылу дегеніміз, түптің түбінде «жаппай ағартушылықтың өркендеуі мен иммиграцияның көмегімен нәсілді және оның санасын қайта түрлендіру екендігіне күмән жоқ». Батыстың өркениеттілік әсерінің қысымымен жергілікті ерекшеліктер жойылуға тиіс болатын. Яғни, әрбір «испандықамерикандықты» праграматикалық «онтүстікамерикалық янкиге» айналдырмақ керек. Тек осылай ғана өз варварлығымыздан басыбайлы құтылмақпыз.

Өркениеттілік жоба идеологтарының дәлелдері де айтарлықтай еді.

Сұрақ тікелей қойылды. Солтүстік Американың гүлдену сыры неде? Жауап – «ассоциция рухында». Өйткені қысқа мерзім ішінде АҚШ Европаның ен дамыған елдерінің деңгейіне көтерілді. «Бұл елдің капиталы көбейген үстіне көбеюде, ал халқы жұмыссыз емес».

Не істеу керек? Жауап – «осы ұлтқа тән іскерлік рухын қабылдау қажет». Оны қалай жүзеге асырмақпыз? Жауап – неғұрлым дамыған елдер халқымен араласа отырып, олардан өнерді өнеркәсіпті, іскерлік пен еңбекке деген дағдыны қабылдау керек.

Жоғарыдағы дәлелдерді айқындай отырып, Сеа мына бір жайды атап өтеді: ол үшін Латын Америкасын өркениетті дүниеде не күтіп тұрғаны басты мәселе емес – олар локомотив рөліне таласпай-ақ соңғы вагондағы орынды ғана қанағат тұтқан болар еді. Латын Америкасының өркениетке барар жолы басқаша - өз мүдделерін прогресс жолындағы елдердің мүдделерімен ұштастыра білу.

Доминго Фаустиноға телінетін «бірлік формуласы» өркениеттілік жобасынын көздеген мақсатына дөп келеді. «Біздің басты ісіміз – АҚШ-ты қуып жету. Теңіздің мұхитпен бірлігі тәрізді біртұтас Америкаға айналамыз. Құрама Штаттар боламыз!»

Біздер, айтқандайын, Өркениеттілік жобасының ең бір қызық тармағына тоқталмақпыз. Жобаның мақсаты бойынша, үміткер етіп отырған өркениет Жаңа Құрылыққа тек «бұған дейін өз дегенін Европа мен Солтүстік Америкада істеп үлгерген материалдарды латынамерикандық топыраққа еккенде ғана өз жемісін бермекші». Әңгіме, Батыстың орта табына сай айрықша әлеуметтік топ құру мақсатындағы тәжірибелер хақында болып отыр.

Сонымен, «мәдени метисация» «қан ауыстыру» мен «ми жаңартудың» біртұтас шараларының бірі ретінде ойластырыла бастады. Және осының көмегімен латынамерикандық тұлғаның бет-бейнесін (менталитетін де) өзгертіп, адамдардың жаңа бір әлеуметтік-мәдени типтерін қалыптастыру ниеті де қылаң берді.

Донор болса, белгілі. Ол – Батыс мейлінше молынан дүниеге келтірген орта тап өкілдері. Олар бүгінгі Европа мен Құрама Штаттардағы адамдар бойларына мықтап сіңірген утилитаризм (пайдакүнемдік – ред.) мен позитивизмді (оң жолды ұстанған – ред.) ту ғып көтерген «батыстық ұлыбуржуазиялық жүйесінің нағыз шеберлері».

Мұндай әлеуетті тәжірибені жүзеге асырудың тәсілі де мәлім: ол – иммиграция. «Дәл осылай Құрама Штаттар өз ұлылығына жетті, дәл осылай біздер де өз ұлтымызды қалыптастыруға тиіспіз» (Сармьенто)...

Ендігі басты мақсат регенерацияға барынша лайық реципиент табу болатын.

Бұл үшін Латын Америкасының алдында екі бірдей таңдау тұрды:

«Біріншісі, этикалық тұрғыдан алып қарағанда кәдімгі метистік негізде болды. Ол үндістер мен негрлердің пайызы әжептәуір Бразилия мен Мексикада және тағы басқа да елдерде алдымен көзге түсті».

«Екіншісі, нәсілдік» метистіліктің феномені айтарлықтай емес, айталық, үндістер (әңгіме, әрине, американдық үндістер жөнінде – ред.) сондай көп емес және көшпелі өмір салтын ұстанатын Онтүстік Американың далалы жерлерінде – креолдық негізде болатын-ды».

Сондықтан Өркениеттілік жоба екі тұрғыдан өрлеу алды:

а) «метистік» (Мексика).

б) «креолдық» (Аргентина).

Мексикалық тұрғыдан метистік топ «белсенді күшке» айналып, прогресс пен өркениеттің бастауында тұрады. Нақ осылардан жаңа ұлттық либералдық буржуазияның негізі қаланды.

Үндістік топ өздерінің қандарын метистерге беруінің арқасында «азап шегушілерден» «белсенділер» тобына ойысты. Мексикандық либерализм екі нәсілдің қан-жыны араласқан «талқанына» айналды. Бұған басқаның еңбегімен күн көруші креолдардың консерватизмі қарсылық көрсетті. Олардың өзіндік рухы өркениетке қарсы иммунитетке толы болатын...

Асылы, идеологтары аргентиналықтар – Д.Ф.Сармьенто мен Х.Б.Альберли деп есептелінетін Өркениеттілік жобасының оңтүстікамерикандық түріне ерекше назар аударған лазым.

Олардың пікірінше, метистілік өркениеттің келуін қиындата түседі. Ол екі бірдей «күнәні» - варварлық пен құлдықтың ауыр жүгін арқалайды.

Американың Онтүстігінің негізгі халқы – испандықтар, үндістер және негрлер. Олардың әмбебап өзара «қан жаңартулары» метистік топтарды құрайды.

Метисацияның «сорақы таңбасы» - мерекелерге деген шектен тыс құштарлық, еңбекке енжарлық, сана-сезім деңгейінің төмендігі, саяси бостандықтар тәжірибесінің жоқтығы және төзімсіздік пен жуастықтың ерекше бір қоспасы болып табылады.

Нәсілдердің осындай варварлық қоспасына нәр беретін жер Отан деуге лайықсыз «және Отан деген – сен аяғыңмен басып жүрген жер екенін халқымыздың есіне басқалы үш жүз жыл болды, ал Отанды тек 1810 жылы ғана таптық».

Отан дегеніміз әлі құрылып, жүзеге асуы қажет жоба және болашақ. Оның жерге де, халыққа да, тіптен өткенге де еш қатысы жоқ. Және де «нағыз Отанды» табу үшін халықты және оның санасын өзгерту қажет болса, онда мақсат оған жету тәсілін теріске шығармайды».

Сонымен қатар латынамерикандық халықтарға мейлінше қарама-қарсы деп жарияланды. Мұндай қатаң баға нендей диагнозға арқа сүйеген еді? Сеа былай дейді: «басқаның маңыздылығы мен пәстігін иемдену өзіңнің мәнсіздігіңнен бас тарту талабы бұдан да гөрі жетілген үлгілерді меңгеруге тырысқан жандардың өзін-өзі кемсіту, екінші қатардағы бейшаралық сезімді тудырады» Сеаның бұл ілмек үшін көзге шалына қоймайтын өзіндік негізден арылу, міндетті түрде, бұдан да айқындала түсетін - өзін-өзін кемсітулер мен екінші сорттылыққа алып келеді». Сеаның бұл жауабы диагноздың себебін халықтың хал-ахуалынан білгіштердің өзінен емес, сырқатынан іздеу керек деген ойға жетелейді. Бұл аурудың аты – нәсілшілдік. «Мәдени будандастыру» принципі де айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Ол бұған дейінгі «ішкі нәсілшілдік» зілінен арылып, батыс тәжірибесінің де шынайы ұлттық шығармашылық бастауларының синтезін бейнелеп берді. Ағылшын-саксон құндылықтарын сараптар безбеннің басына латынамерикандықтың адамгершілік абыройы мен құқығы қойылды.

Шындықты кері серіппей, өзгерту қажет. Әйтпеген жағдайда шындық қақырап қалып, биік иесіздікке ұшырап, оның орнын дереу толтыру қажет болады.

Батыс моделі негізінен байыпты қолдау тауып, қолда ұстар құрал ролін атқаруы шарт. Әйтпеген күнде оның қалыптасқан болмыстың күйреуіне себеп болуы кәдік. Ал модернизацияның мақсаты бұзуда емес, керсінше, жаңа үрдістердің көмегімен қоғамда салтанат құрып отырған ақиқаттың іргесін бекіте түсу. Латын Америка мысалы біздің де осал тұстарымызды айқын ашып бергенге ұқсайды. Оның үстіне қазіргі Қазақстанның Өркениеттілік жобасының аргентиналық үлгісінен онша алысқа ұзай қоймағандығын ескерер болсақ, Латын Америкасының тәжірибесі бізге өздері де «болашақ болжамы» деп қана күмәндана қарайтын шексіз өркениетке үміт артудан сақтандырады.

Кеңестік кеңістік елдеріндегі ахуалды сараптай келіп, П.Штомпка былай дейді: «Батыс қоғамдары ұзақ сапардан әбден қажып, бүгінгінің поезынан қарғып кетуге бел байлап отырған шақта, кешегі комунистік Шығыс сол поезға ілігуге барынша-ақ жан салып жатқанға ұқсайды». (п.Штомпка, Социология социальных изменений М.: Аспект прогрес. 1996ж., 184-б). Родо, оның ізінше Сеа атап өткеніндей, сол кезеңдегі Латын Америкасында да, қазір Қазақстандағы өркениетке бағыт алған өз жолын Батысқа тән утилитаризм рухы емес, мәдениет пен руханият айқындауға тиіс.

Өз еңбегін аяқтай отырып, Л.Сеа, ізашарлары А.Токвиль мен М.Вебер жасаған қорытындыға келеді. Модернизацияның түйіні тек қана басқару тәсілі мен саяси режимдерді ауыстырумен шектелмей, қанағат етпей, алдымен оның рухын өзгертуге кеп тіреледі. Қалыптасқан жағдайдан гөрі оған деген көзқарасты өзгерту керек. Және кезекті өзгерістер оны талап еткен халықтың өзін мүлдем санаттан шығарып тастайтындай жағдай туғызбауы керек».

ҚОРЫТЫНДЫ

Штомпканың анықтамасына қарағанда, «Модернизация дегеніміз: қабылданған өлшем деңгейіне сай көтеріліп, біршама ілгерілеп келе жатқан кезіндегі әлеуметтік озық өзгерістердің нышаны». Мәселе басқада – оң өзгерістер деңгейін қандай негіздерге сүйеніп анықтауымыз керек? Өлшем таңдаудың өзі модернизация моделінің өзіндік ерекшелігін айқындайды.

Батыстың жетістіктер өлшемі – табиғи-тарихи әлеуметтік сұрыптаудар нәтижесі. Батыс қоғамы өзінің эволюциясында дәстүрліліктен бүгінгі сапалық деңгейлерге дейінгі ұзақ жолды басынан өткерді. Сәтті тәжірибелер жинақталуының арқасында прогресс өлшемінде олардың әрбірі өзіне лайық орындарға ие болды. Олар. Индустриалды технология, рационалдық және зайырлылық қатынастармен ғылыми-техникалық прогресс және өзіне тән демократияның, капитализмнің құндылықтарын бойына сіңірген – ортатаптық әлеуметтік урбанизация құрылымы.

Батыс модернизация моделі дегеніміз: жоғары өмір сүру деңгейі, молшылық пен жеке бас бостандығы деп ұғынылатын «бүгінгі жетістіктер». Бұған тек қоғамның басым көпшілігі ортадан жоғары табыс табуға «ынтыққанда» ғана қол жететін биік.

Сондықтан да қоғамның басым көпшілігін құрайтын бірегей әрі саны көп орта тап, тек осы тап – қазіргі өмірдің басты айқындаушы күші болып табылады.

Батыс өркениеті аталмыш таптың құндылықтары мен өмір сүру қалыбын институционалды  түрде бекітіп берді. Дәл осы себептен де оны «орта тап өркениеті» деп атайды. Модернизацияның латынамерикандық моделінің өнегесі есебінде ол өзіне нақ осы батыстық «жақсарту өлшемін» алғаны сөзсіз. Мұның өзі сайып келгенде, Латын Америкасы Батыс жасағандай, «бүгінгі жетістіктер» жолын емес, батыстың даму моделін саналы түрде көшіріп алу бағытын таңдады деген сөз. Батыстық «жетістіктер деңгейі» және оның ашықтан-ашық салтанат құруы «даму жылдамдығына» мұрындық болды. Ал модернизация «өзін-өзі жетелейтін немесе өзіне-өзі қуат беретін үрдіс емес» (С.Кодак), керісінше, тұтастай алғанда жүйесінің өзі күштеп «жоғарыдан түсірілгендіктен» майланбаған арбадай шиқылдап, санқилы күтпеген қиыншылыққа апармайтын «жеделдету риторикасы» «модернизация модернизация үшін» деген өрескелдіктің бұлтын қоюлатып, жүйенің «беталды бос» зырылдауына әкеп соғары даусыз.

Латын Америкасындағы модернизацияның өзіндік ерекшелігі – дамудың қуып жету жолын бағдар тұтуы. А.Панарин атап өткендей, мұндай модель тезірек қарымдап қалғысы келетін үрдісі мешеу немесе нашар дамыған елдерге тән (А.С.Панарин. Философия политики. – М.: Наука, 1994, 68-б.)...

Батыстық және латынамерикандық екі модернизацияның екеуі де «осы заманғы» мен «дәстүрлінің» қайшылықтарына негізделген.

Батыс моделі аясында бұл қайшылық халықтың табиғи ақыл-парасаты содернизация мүдделеріне сай келгендіктен де шешімін тапты. Бүгінгі Батыс

қоғамы - өркениет аясындағы құндылықтар мен байлықты капитализациялау үшін бар жігер-қайратын жұмылдыра білген миллиондаған адамдардың экономикалық ерік-күшінің нәтижесі. Тиісінше осынау халықтық ерік-күш өзіне есеп беріп отыратын сайламыш үкімет пен институттар арқылы өз өкілдігін нығайтып, орнықтыра түсті. Дәстүрлілік пен жаңашылдықтың ежелгі қайшылығы соңғысының пайдасына шешілді. Бірегей уақыт кеңістігінде өмір сүретін бірлікті ту ғып көтерген орта дәл соның өкілдері.

Ал латынамерикандық модернизация моделінде аталмыш қайшылық шешілгені былай тұрсын, қайта билеуші топтың болашаққа ұмсынған ойлары мен халықтың қасаң ойының арасындағы бітіспес дау-дамайларға ұласты. Халықтың қалауын таңдауына «жоғарыдағы жоспарлаушы орындардың рационалдық-бюрократиялық ерік-күші» қарсы қойылды. Ал соңғысы қоғамға «ненің тиімді» екенін алдын ала біліп отырды (Панарин). Халықтың ерік-күші ауыздықталып, Батыстан жасанды түрде көшіріп алынған Өркениетті жобаға авторитарлық әдістермен бағындырылып отырды. Авторитарлық «педагогиканың» мәні – мешеу халықты осы заманға сай етіп, қайта жасау.

Панариннің пікірінше, тәуір деген жағдайда бұл бүгінгіге тек сыртқы бет-әлпетімен еліктеуге яки «мимесик аға» ал нашар дегенде мимикрия мен консервативтік «реактивацияға» алып келді (мимесика – еліктеу және реактивация – «керісінше бейімдеу» - ред.).

Біз Панариннің прогресс пен демократия жолындағы «үлкен ойында» модернизацияны басты тірек немесе мақсатқа жеткізер тетік ретінде қарастыруға болмайды деген пікірімен толық келісеміз. Әйтпесе мұндай жағдайда қоғамның өзі «бұдан да маңызды мақсаттарға» жетудің құралына айналып кетуі кәдік.

Крозьенің модернизация проблемасы дегеніміз, алдымен билеуші тап «этосының» өзгеру мәселесі деген пікір де нанымды. Реформатор қол жеткізуді көздеген жаңа әлеуметтік мақсаттарды жариялауға да болады, бірақ реформалаудың бұл көне қисынына тәнтілік «демократияның тасасында дәстүрлі бюрократиялық модель сақталатын қалып, тіпті оның қаракет-қимылы күшейіп кетуі ықтимал». Міне, сондығынан да модернизация кері нәтижеге жиі әкеп соғады.

Өркениеттілік жобасының либералдынарық идеологтары, былайша алғанда, модернизация модельдерін сырттан іздеушілер және авторитаризм мен этатизмнің уағызшылары ғана болып шықты. Осындайда кубалық Хосе Мартидің бір өткір сөзі еске түседі. Оның мінін былай пайымдауға болады: «егер табысқа жеткізбесе бұдан елдің емес, үкіметтің жеңілісін көрген абзал». Басқаны былай қойып, италияндықтар сипаттағандай, коррупцияланған әрі тиімсіз қол жетпес жерге шығып ап, елді ессіз басқару» (sotto governo) ғана халықтың жаңалық атаулыларға деген қарсылығын тудырады.

Жалпы, Латын Америкасын модернизациялауды ой елегінен өткізу – модернизация географиясындағы көптеген қағидаларға сын көзбен қайта қарауға әкеп тіреді. Бұл мәселе ғылыми әдебиетте жеткілікті түрде

жазылғандықтан бұл арада оған көңіл бөлгелі отырғанымыз жоқ. Біз тек модернизацияның қозғаушы күші «жоғарыдан» емес, «төменнен» түскен инициатива – тіршілік жағдайын өзгертуге бұқараның өзін жұмылдыру екенін айқындап түсінгіміз келеді.

Модернизацияның барлық проблемаларының тетігі тек экономика саласында жатыр деген тұжырым айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Әлеуметтік ортаның экономикалық реформаларға деген көзқарастарымен тығыз байланысты түрлі адасулар мен қосалқы қиыншылықтар көрсетіп отырғанындай, экономикадағы реформалар мен модернизацияның арасында өзара байланыс мүлдем жоқ десе де болғандай. М.Крозье бұдан да әрі барып, таза экономикалық реформалардың күні әлдеқашан өткен деген үзілді-кесілді пікір айтады (Современный стиль реформирования. Свободная мысль, №11,1993ж.,33-б.).

Әлемдік Банктің есептеулері де экономикалық өрлеу мен модернизацияның арасында өзара оң байланыс жоқтығын растайды. Мұнай өндіретін үш ел: Сауд Аравиясы, Ливия мен Кувейт бай елдердің қатарында болса да, әрі халықтың басына шақында 4000 доллардан астам табыс келсе де 1976 жылғы мәлімет, дәстүрлі қоғамдар санатында қалып отыр. Яғни, мұнай мен басқа да табиғи байлықтарды сатқаннан пайда болған экономикалық байлық – дәстүрлі қоғамның демократиялық ұлттық мемлекет барған сайын көбірек көтеріліп бара жатқан қазіргі деңгейге жетуіне жәрдемдесе алмайды.

С.Хантингтон Әлемдік Банктің есептеулерін қорыта келе былай деп атап өтеді: «Мұнайдан түскен пайда мемлекеттің уысына жинақталады: олар салық салуды жояды немесе мейлінше азайтады. Сонымен қатар олар үкіметтің өз салық төлеушілерінің алдында қол жаятын дәрменсіздігіне жол бермейді. Салық азайған сайын халықтың да өкіметте өз өкілдерін ұстауына деген ықыласы азая түседі. «Өкілдіксіз салық төлеу де жоқ» деген ұран саяси талап болатын; ал «салық салмайтын өкілдік жоқ» деген қағида – саяси шындық.

Аталмыш мұнайлы елдер турасында М.Зингер мен А.Вилдавски й әдейі атап өтеді: «Олардың байлығы бұл елдер халқының еңбекқорлығының жемісі емес, бұның демократияға үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Бұдан шығар қорытынды сол, бүгінгі экономика (яғни демократиялық қоғамдағы), негізінен, «адамдардың өндірістегі нақты істерімен өлшенеді немесе олардың еңбекқорлығына арқа сүйейді». Мұның өзі «өзінше яки өзіндік экономикалық артықшылық» деп қарауға лайық дүние.

Модернизацияның шешуші проблемасы – орта таптың пайда болуына жәрдемдесіп азаматтардың өз тірлігінің материалдық жағдайын бақылауға септігі тиетін ұлттық байлықты жасау және оны барынша әділ бөлуге мүмкіндік туғызу. Көптеген ғалымдардың ойынша, «бүгінгі деңгейге жетуді» көксейтін модернизация, орта таптың «терін сығып алуға» итермелейді. Қоғамның басым көпшілігін құрайтын, бизнесмендердің, басқарушы мамандардың, техниктердің, клерктердің, оқытушылардың, азаматтық қызмет өкілдерінің, сауда қызметкерлерінің т.б. саны барынша көбейіп

келеді. Бүгінгі талаптарға жетудің алғы шарты – «Өмір сүру деңгейі жоғарылардың қағидасы». Ал «теңсіздік қабылданған» жағдайда модернизация тұрақсыз. Мұндайда модернизацияланып жатқан қоғамды модернизациялау кезеңінде өмір сүріп тұрған жүйенің өзін құлатып, туын жыққаннан гөрі, оны сауықтырудың маңызы күшті. Зерттеушілердің назары «тұрақтылықты сақтауға, әлеуметтік жүйенің іркіліссіз қызметіне қылмыс пен әлеуметтік тәртіпсіздікті жоюға, жергілікті қауымдастықтарды интеграциялауға, әлеуметтік институттардың, еңбек өнімділігі мен басқарудың тиімділігін арттыруға» шоғырланып отыр. Жағдайды туғызып, ең бастысы одан тұрақты тиімділік алуға болады деген үміт оянады.

Тұрақтылыққа арқа сүйеген артықшылықтардың мәні неде? Джон Нейсбит постиндустриалды қоғамда болашағы зор инновациялар (жаңалық, өзгеріс – ред.) көзге түсетіндей төмендегі факторларға назар аударады:

1. Экономиканың жетекші секторы негізінен орта тап еңбек етіп жүрген салаларды қамтиды: «енді өндіріспен тікелей байланысы жоқ әралуан кәсіп қарекетті қамтитын қызмет көрсету салалары алдыңғы орындарға шығады: бұлар – сауда, әкімшілік және үкімет аппараты».

2.Таптық құрылым мен стратифиялық иерархияда түрлі билік баспалдақтары – (әлеуметтік мағынасы – ред.) қызмет көрсетуші тап өсіп, ол зор әлеуметтік мәнге ие болады. Олардың арасында ғылыммен, ғылыми зерттеулермен шұғылданып, адамға қызмет ету, яғни білім, мәдениет, әлеуметтік қамсыздандыру, реакция (демалыспен байланысты шаралар – ред.) т.б. салаларында еңбек етіп жүрген кәсіби және техникалық мамандар тобы айрықша дараланады.

3.«Энергия мен шикізатты өндіру барысында емес», керсінше, ақпараттар ағынын өңдеуде қолданылатын жаңа «интеллектуалдық технологияның» қарқындап дамуы.

4.«Қоғамның динамикасында өзін өзі алға жетелеп, рухтандырып отыратын технологиялық өрлеу өзекті роль атқарады».

5.«Күнделікті өмірде үнемі әңгіме өзегіне айналып жүрген құндылықтар жүйесінде («кіндік принцип») білімге құлшыныс және жүйелі білім берудің алуан түрімен, соның көмегімен оны еселей түсу – алдыңғы орынға шығады».

Модернизация жобасын іске асырмақ елдерде орын алған – қазіргі «алға ұмтылған, мақсат еткен» қоғамдардағы футуристік «бейне» осы секілді. Алайда оны қоржынға бөктеру мен соған жету – екеуі екі бөлек шаруа.

Дж.Нейсбит суреттеп өткен постиндустриалды қоғамның бет-бедері бүгінгі сапалы экономикамен астасып жатыр. Соңғысы өз іс-әрекетінде жоғары дамыған интеллектуалды техниканы кеңінен қолданып, шексіз әлеуметтік базаларға иек артқан таптың мүддесін көздейді.

Басқаша айтқанда, осы заман мен байлық өздігінен астаспай, технологиялық прогреске қызмет ететін орта таптың демократиялық басқаруы арқылы сіңіседі.

Экономикадағы күрделі де бір-бірімен тығыз байланыстағы мәселелерді шеше отырып, орта таптың тек халықаралық сауда,

инвестициялар мен технологияларға немесе түрлі коммуникацияларға ғана жол ашумен шектелмей, сонымен бір мезгілде, өзінің ең басты міндеті – демократиялық идеялардың салтанат құруына да тікелей ықпал етеріне күмән жоқ.

Ақиқат, 1998, № 4<br>
(философия ғылымдарының докторы,<br>
Саясаттанушылар мен әлеуметтанушылар<br>
қауымдастығының президенті Бақытжамал Бектұрғановамен<br>
бірге жазылған материал)